MOORE STEPHENS

Moore Stephens Kazakhstan
«Нұрлы Тау» бизнес орталығы, 2А, 4-қабат
Әл-Фараби 5, Алматы, Қазақстан, 050059

T +7 727 2669904
F +7 727 2669905

kazakhstan.moorestephens.com

## ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ

«Интертич» Қазақ денсаулық сақтау және

медициналық сақтандыру корпорациясы» АҚ акционерлеріне табысталады

### Қаржы есептілігі бойынша есеп

Біз «Интертич» Қазақ денсаулық сақтау және медициналық сақтандыру корпорациясы» АҚ (ары қарай – «Компания») 2015 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қаржылық жағдайы туралы есептен, жиынтық табыс туралы есептен, капиталдағы өзгерістер туралы есептен, көрсетілген күні аяқталған жыл үшін ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептен, басқа да түсіндіру ескертулерінен және есеп саясатының елеулі элементтерінің қысқаша сипаттамаларынан тұратын қаржы есептілігінің аудитін жүргіздік.

*Қаржы есептілігін дайындаудағы Компания басшылығының жауапкершілігі*

Берілген қаржы есептілігінің дайындалу және әділетті тапсырылу жауапкершілігі Компания басшылығында. Бұл жауапкершілік мынаны қамтиды: алаяқтық пен қателіктердің кесірінен болған елеулі бұрмалаушылықтары жоқ қаржы есептілігін дайындау үшін қажет ішкі бақылау жүйесінің жасалуы, енгізілуі және қолдау көрсетілуі; тиісті есеп саясатының таңдалуы және қолданылуы; есеп айырысу бағаларының негізділігі.

*Аудиторлардың жауапкершілігі*

Біздің жауапкершілігіміз берілген қаржы есептілігіне жүргізген аудитіміздің негізінде пікір білдіруімізден тұрады. Біз аудитті Халықаралық Аудит Стандарттарына сәйкес жүргіздік. Бұл стандарттардың талаптары бойынша, аудит қаржы есептілігінде елеулі бұрмалаушылықтардың жоқтығында дәйекті сенім алу мақсатымен жоспарланды және жүргізілді.

Аудитке қаржы есептілігіндегі сомалар және ақпараттың ашылулары бойынша аудиторлық дәлелдемелерді алуға бағытталған рәсімдер кіреді. Таңдалған рәсімдер біздің пайымдауымыздың мәні болып табылады, ол қаржы есептілігіндегі алаяқтық пен қателіктерден туындаған елеулі бұрмалаушылықтардың болу қаупін бағалауға негізделген. Мұндай бағалау кезінде біз мән-жайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдер жасау мақсатында қаржы есептілігінің дайындалуын қамтамасыз ететін ішкі бақылау жүйесін қарастырдық, бірақ ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау біздің мақсатымыз емес. Аудит сонымен қатар басшылық жасаған қолданылған есеп саясатының дұрыстығы мен есеп айырысу бағаларының негізділігін бағалауын және қаржы есептілігінің жалпылама бағалауын қамтиды.

Біздің ойымызша, жүргізген аудитіміз біздің пікірімізді білдіруге жеткілікті негіз береді.



Moore Stephens Kazakhstan ЖШС Moore Stephens International Limited аудиторлық, бухгалтерлік және кеңес беру фирмаларының халықаралық желісінің мүшесі. MSIL, Ұлыбритания заңнамасына сәйкес тіркелген компания, клиенттерге тікелей аудиторлық және басқа кәсіпқой қызметтерді көрсетпейді. Бұндай қызметтерді географиялық орналасуына байланысты MSIL фирма-мүшелері ғана көрсете алады. MSIL және оның әрбір мүшесі дербес және еркін заңды тұлға болып табылады.

*Пікір*

Біздің ойымызша, осы қаржы есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес «Интертич» Қазақ денсаулық сақтау және медициналық сақтандыру корпорациясы» АҚ 2015 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдайын, сонымен қатар, көрсетілген күні аяқталған жыл үшін оның шаруашылық қызметінің нәтижелері мен ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шынайы және дұрыс мағлұмат береді.

«Бекітемін»

Серик Кожикенов
Аудит бойынша әріптес
Сертификацияланған аудитор
Біліктілік куәлігі №0000557, 24 желтоқсан 2003 жыл
Атқарушы директор
«Moore Stephens Kazakhstan» ЖШС
29 сәуір 2016 жыл

Василий Никитин
Аудит бойынша әріптес
Сертификацияланған аудитор

Аудиторлық қызметпен айналысуға берілген мемлекеттік лицензия № 14017160, 2014 жылдың 12 қарашасында ҚР Қаржы министрлігімен берілген

**«Интертич» Қазақ денсаулық сақтау және медициналық сақтандыру корпорациясы» АҚ**
**Қаржылық жағдай туралы есеп**
2015 жылдың 31 желтоқсанына

| мың теңге | Еск | 2015 | 2014 |
|---|---|---|---|
| **Активтер** | | | |
| Ақша қаражаттары | 4 | 181,971 | 244,271 |
| Банк салымдары | 5 | 3,197,151 | 1,880,432 |
| Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер | 6 | 1,010,859 | 635,264 |
| Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешек | 7 | 514,648 | 390,114 |
| Еңбек сіңірілмеген сақтандыру жарналарының резерві, қайта сақтандырушының үлесі | 12(а) | – | 11,018 |
| Өтелетін табыс салығы | | – | 37,716 |
| Өзге активтер | 8 | 125,390 | 454,961 |
| Кейінге қалдырылған аквизиционды шығындар | | 37,047 | 51,117 |
| Негізгі құрал-жабдықтар | 9 | 177,791 | 185,792 |
| Материалдық емес активтер | | 715 | 373 |
| Кейінге қалдырылған салық активі | 18(ә) | 124,570 | 19,156 |
| **Жиыны активтер** | | **5,370,142** | **3,910,214** |
| **Міндеттемелер** | | | |
| Провизиялар | 10 | 450,016 | – |
| Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша кредиторлық берешек | 11 | 197,229 | 80,435 |
| Еңбек сіңірілмеген сақтандыру жарналары бойынша резерв | 12(а) | 883,533 | 747,306 |
| Сақтандыру талаптарын үйлестіру шығындары мен шығыстары бойынша резерв | 12(ә) | 793,178 | 542,953 |
| Төленетін табыс салығы | | 69,246 | – |
| Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі | 18(ә) | 25,811 | 29,848 |
| Өзге міндеттемелер | 13 | 33,970 | 43,794 |
| | | 2,452,983 | 1,444,336 |
| **Капитал** | | | |
| Акционерлік капитал | 14(а) | 860,000 | 860,000 |
| Негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалау қоры | 14(ә) | 88,652 | 91,003 |
| Резервтік капитал | | 11,167 | – |
| Таратылмаған табыс | | 1,957,340 | 1,514,875 |
| | | 2,917,159 | 2,465,878 |
| **Жиыны капитал мен міндеттемелер** | | **5,370,142** | **3,910,214** |

Бұл қаржы есептілігі Компания басшылығымен 2016 жылы 29 сәуірде мақұлданды және басшылық атынан қол қойылды:

**Курлеутов Э.М.**
«Интертич» Қазақ денсаулық сақтау және медициналық сақтандыру корпорациясы» АҚ
Басқарма төрағасы

**Филимонова Н.В.**
«Интертич» Қазақ денсаулық сақтау және медициналық сақтандыру корпорациясы» АҚ
Бас бухгалтері

**«Интертич» Қазақ денсаулық сақтау және медициналық сақтандыру корпорациясы» АҚ**
**Жиынтық табыс туралы есеп**
2015 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл бойына

| мың теңге | Еск. | 2015 | 2014 |
|---|---|---|---|
| Сақтандыру жарналары, жалпы сома | 15 | 4,269,711 | 4,666,355 |
| Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру жарналары | 15 | – | (30,000) |
| **Қайта сақтандыруға берілгендерді шегергендегі сақтандыру жарналары** | | **4,269,711** | **4,636,355** |
| Қайта сақтандырушылардың үлесін шегергендегі еңбек сіңірілмеген сақтандыру жарналары бойынша резервтің өзгеруі | 15,12 | (147,245) | 29,444 |
| **Қайта сақтандыруға берілгендерді шегергендегі еңбек сіңірілген сақтандыру жарналары** | | **4,122,466** | **4,665,799** |
| Сақтандыру төлемдері | 15 | (3,891,310) | (3,450,831) |
| Қайта сақтандырушының үлесін шегергендегі сақтандыру талаптарын үйлестіру шығындары мен шығыстары бойынша резервтердің өзгеруі | 15 | (250,225) | (169,916) |
| **Жиыны сақтандыру төлемдерін жасау бойынша шығыстар** | | **(4,141,535)** | **(3,620,747)** |
| Комиссиялық шығыстар | 15 | (195,988) | (391,039) |
| **Сақтандыру қызметі бойынша (шығын) табыс** | | **(215,057)** | **654,013** |
| Инвестициялық әрекет табысы | 16 | 679,209 | 112,744 |
| Шетелдік валютамен операциялар бойынша таза табыс | | 1,272,767 | 23,905 |
| **Инвестициялық әрекет табысы** | | **1,951,976** | **136,649** |
| Жалпыәкімшілік шығыстар | 17 | (1,284,628) | (649,252) |
| Өзге операциялық кірістер, нетто | | 7,987 | 6,853 |
| **Операциялық шығыс** | | **(1,276,641)** | **(642,399)** |
| **Салық салуға дейінгі табыс** | | **460,278** | **148,263** |
| Табыс салығы бойынша шығыстар | 18(a) | (8,997) | (26,923) |
| **Жыл бойынша таза табыс** | | **451,281** | **121,340** |
| Өзге жиынтық табыс | | | |
| Пайда немесе шығын құрамына реклассификациялануы мүмкін баптар: | | | |
| Табыс салығын шегергендегі негізгі құрал-жабдықтардың әділ бағасын түзету | | – | 65,856 |
| **Жиыны жиынтық табыс** | | **451,281** | **187,196** |

| мың теңге | Еск. | 2015 | 2014 |
|---|---|---|---|
| **Операциялық қызметтен ақша қаражаттары** | | | |
| Салық салуға дейінгі табыс | | 460,278 | 148,263 |
| Түзетулер: | | | |
| Қайта сақтандырушының үлесін шегергендегі резервтегі өзгерістер | 12 | 397,470 | 140,472 |
| Кейінге қалдырылған аквизиционды шығындардағы өзгерістер | | 14,070 | (11,805) |
| Курс айырмасынан іске аспаған пайда | | (1,267,170) | – |
| Тозу және амортизация | | 14,880 | 17,718 |
| Инвестициялық әрекет табысы | 16 | (679,209) | (112,744) |
| Негізгі құрал-жабдықтардың шығуынан шығын | | 297 | 3,983 |
| Күмәнді берешектер бойынша резерв қалыптастыру | 17 | 63,721 | 41,818 |
| **Ақша қаражаттарының айналым капиталының өзгеруіне дейінгі операциялық қызметтен қозғалысы** | | **(995,663)** | **227,705** |
| Операциялық активтердің өзгеруі: | | | |
| Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешектің (көбеюі) азаюы | | (207,624) | 251,016 |
| Өзге активтердің азаюы (көбеюі) | | 364,366 | (118,088) |
| Операциялық активтердің азаюы | | 156,742 | 132,928 |
| Операциялық міндеттемелердің өзгеруі: | | | |
| Провизиялардың көбеюі | | 450,016 | – |
| Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша кредиторлық берешектің көбеюі | | 116,794 | 12,950 |
| Өзге міндеттемелердің азаюы | | (9,824) | (23,785) |
| Операциялық міндеттемелердің көбеюі (азаюы) | | 556,986 | (10,835) |
| **Табыс салығын төлеуге дейінгі операциялық қызметтен ақша қаражаттары** | | **(281,935)** | **349,798** |
| Алынған пайыздар | | 150,824 | 112,744 |
| Төленген табыс салығы | | (29,669) | (12,725) |
| **Операциялық (қызметте қолданылған) қызметтен таза ақша қаражаттары** | | **(160,780)** | **449,817** |

| мың теңге | Еск. | 2015 | 2014 |
|---|---|---|---|
| **Инвестициялық қызметтен ақша қаражаттары** | | | |
| Банктегі қысқа мерзімді депозиттердің өзгеруі | | 7,596 | (365,842) |
| Материалдық емес активтерді сатып алу | | (1,381) | (32,769) |
| Сатуға арналған қолда бар инвестицияларды сатып алу | | (4,764,306) | (366,197) |
| Сатуға арналған қолда бар инвестицияларды сатудан кіріс | | 4,860,918 | 84,176 |
| Айналымнан тыс активтерді сатып алу | | (7,518) | (9,237) |
| **Инвестициялық қызметтен (қызметте қолданылған) таза ақша қаражаттары** | | **95,309** | **(689,869)** |
| **Қаржылық қызметтен ақша қаражаттары** | | | |
| Жай акцияларды шығарудан түсімдер | 14 | – | 400,000 |
| **Қаржылық қызметтен таза ақша қаражаттары** | | **–** | **400,000** |
| Ақша қаражаттарының таза (азаюы) көбеюі | | (65,471) | 159,948 |
| Жыл басындағы ақша қаражаттары | 4 | 244,271 | 84,323 |
| Айырбастау курсы өзгеруінің ақша қаражаттарына әсері | | 3,171 | – |
| **Жыл соңындағы ақша қаражаттары** | 4 | **181,971** | **244,271** |

**«Интертич» Қазақ денсаулық сақтау және медициналық сақтандыру корпорациясы» АҚ**

**Капиталдағы өзгерістер туралы есеп**

2015 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл бойына

| мың теңге | Акционерлік капитал | Негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалау қоры | Резервтік капитал | Сатуға қолда бар инвестицияларды қайта бағалау қоры | Таратылмаған табыс | Жиыны капитал |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2014 жылдың 1 қаңтарына | 460,000 | 25,147 | 6,084 | 29,284 | 1,358,167 | 1,878,682 |
| Жалпы жиынтық табыс | – | 65,856 | – | – | 121,340 | 187,196 |
| Жаңа акциялардың шығарылуы | 400,000 | – | – | – | – | 400,000 |
| Резервтік капиталға аудару | – | – | (6,084) | (29,284) | 35,368 | – |
| **2014 жылдың 31 желтоқсанына** | **860,000** | **91,003** | **–** | **–** | **1,514,875** | **2,465,878** |
| Жалпы жиынтық табыс | – | – | – | – | 451,281 | 451,281 |
| Пайызсыз қарыз дисконты | – | (2,351) | – | – | 2,351 | – |
| Резервтік капиталға аудару | – | – | 11,167 | – | (11,167) | – |
| **2015 жылдың 31 желтоқсанына** | **860,000** | **88,652** | **11,167** | **–** | **1,957,340** | **2,917,159** |

8 - 40 беттеріндегі ескертулер бұл қаржы есептілігінің ажырамас бөлігі болып табылады